

Академия өз жетістіктерімен алдыңғы қатарда



Биылғы 2018 жыл Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы үшін жемісті де, жеңіске толы берекелі басталды.

Олай дейтінім, Академияның қызметкерлері, курсанттары өздері қатысқан білім, ғылым, спорт және өнер салаларындағы сайыстардан жүлделі орындар алып, Академияның беделін, абыройын арттырып келеді. Бұл бірлескен ұжымның жемісті нәтижесінің арқасы деп, толықтай айтуға болады. Сол жеңістердің кейбірін тізбектеп, кейбіреуіне толықтай тоқталып кеткенді жөн көрдім.

Мәселен, ғылымдағы жетістіктерді айтар болсақ, біздің курсанттар әрдайым елімізде және көрші Ресей елінде өткізіліп жүрген халықаралық ғылыми конференцияларға қатысып, қашанда жүлделі орындарды иемденіп келеді.

Ал спорттық шыңдарды айтар болсақ, жақында ғана Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі академиясында Қазақстан Республикасының әскери жоғары оқу орындарының курсанттары арасында жекпе-жек сайысынан жыл сайынғы генерал-

майор А.А. Арыстанбековті еске алуға арналған ашық республикалық турнирді айтуға болады. Бұл турнирге еліміздің түкпір-түкпірінен келген 8 командадан 80-ге жуық спортшы қатысып, жүлделерді өзара сарапқа салды. Осындай бәсі жоғары бәсекеде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы атынан 9 курсант қатысып, барлығы жүлделі орыннан көрінді Барлық жеңімпаздарымыз алтыннан және күмістен алқа тағып, команда бойынша 2-ші орынды иемденіп келді.

Тіпті жуырда ғана Академияның баспасөз қызметінің командасынан құралған журналист курсанттар бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында өткен шағын футболдан облыстық турнирге қатысып, 10 команданың ішінде бірінші орынға ие болып, алтыннан алқа тағып, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында жүлдыздары жарқырап, Академияның беделін тағы бір арттырып тастады.

Біз айтып отырған әңгіме ғылым, спорт жолындағы Академияның жетістіктері. Енді мәдениет, өнердегі жетістікке толығырақ тоқталсам деймін. Өткені бұл жетістікке тоқтамай, жазбай өту қалам тербеп жүрген біздерге үлкен сын болар.

Аталмыш жетістігіміз Ақтөбе қаласында өткен республикалық фестиваль-конкурс жайлы болмақ. Жуырда біздің Академияның курсант домбырашылар ансамблі Ақтөбе қаласында өткен республикалық жас орындаушылардың және халық аспаптар ансамблі, оркестрлердің «Ұлы дала мұрасы» атты фестиваль-конкурсқа қатысып қайтты.

Фестиваль Елбасының Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына арналып өткізілді.

Конкурсқа 10 ұлт аспаптар ансамблі және 200-ге жуық жас орындаушылар қатысып, бақ сынады. Осы сайыста 10 команданың ішінде біздің домбырашылардың бағы жанып, бірінші орын емес, бас жүлдені қанжығаларына байлап, қазылар алқасында отырған кәсіби өнер майталмандарының көңілінен шығып, таң қалдырды.

Жалпы Академияның домбырашылар ансамбліне биыл 20 жыл толып отыр. Бізде осынау мерейлі жасқа келіп отырған ансамблді құттықтай отырып, болашақтарына шығармашылық табыс тілейміз.

Осы жерде ансамбльге қамқор болған басшылардың жақсылығын айтып өтуді жөн көрдім. Өйткені дуалы ауызды киелі сөзге мән берген қазағым «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме?... Осыдан 20 жыл бұрын ансамбль Академияның сол кездегі бастығы ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденов мырзаның тікелей қолдауымен құрылған болатын. Осы кісінің материалдық қолдауының арқасында ансамбль талай республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сол уақыттарда өнер иелерінің бақтары жанып, танымалдықтың шырқау шыңына шыққан кезі болатын. Дегенмен кейінгі кезде шамалы қаржының жоқтығынан тоқырауға ұшырап, республикалық жарыстарға шыға алмай қалғаны жасырын емес. Ансамблдің құрылуына оның шығармашылық дамуына жетекші болған Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Қостанай облысы Амангелді ауданының Құрметті азаматы, әнші-сазгер - Қалибек Деріпсалдин. Қалибек аға қазіргі таңда 20 жылдан астам уақыттан бері Академияның

өнерін дамытуға және беделінің асқақтауына зор үлесін қосып келе жатқан өнер иесі, құрметті қызметкер.

Академия бастығы болып полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов келгеннен кейін ансамбльге қаржылай және моральдық қолдау көрсету бұрынғыдан да біршама жақсарды. Ансамбль мүшелері әрқайсысы жаңа костюммен, киелі қобыз және қасиетті домбыралармен жабдықталды. Қысқасы қазіргі таңда домбырашылар қандай сайысқа болса да сақадай сай. Міне, осы қолдаудың арқасында былтыр полиция қызметкерлері арасында өткен республикалық «парасатты полиция» конкурсында 3- орынға ие болды.

Жоғарыда айтылып өткен барлық жарыс жеңімпаздары Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов өзі жеке қабылдап, оларға қашанда алғысын білдіріп, шалқардай тасыған шабыт береді. Мұндай кездесу курсанттарға қашанда дем беретіні айтпаса түсінікті.

Осындай өнер, мәдениет, спорт, білім, ғылым саласындағы толағай табысты жетістіктердің арқасында Қостанай академиясы биылғы жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты ведомствалық жоғары оқу орындары арасында рейтинг бойынша бірінші орынды жеңіп алды.

Жылдың басы жағымды жаңалыққа толы болған Академия алдағы уақытта да тағылымы мол жетістіктерге жете береді деген сенімдеміз.

Мейрам ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Қостанай академиясының
баспасөз хатшысы

ҰЛТ ЖОСПАРЫ: ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

Балалар судьясы, прокуроры мен тергеушісі болады

Қазақстанда балалар судьясы, прокуроры мен тергеушісі институтын енгізу мәселесі пысықталып жатыр. Бұл туралы өткен аптада Мәжілісте өткен жылғы жұмысы жайында депутаттарға есеп берген Қазақстанның Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Зағипа Балиева айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Балалар кодексын әзірлеуге кірістік. Біздекемелеткетолмағандарісіжөніндегі соттар бар. Бас прокуратура, Жоғарғы сот және Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, қазіргі уақытта балалар судьясы, балалар прокуроры және балалар тергеушісі болуы үшін жұмыс жасап жатырмыз. Бұл бағдарлама әрбір мемлекеттік органға қазірдің өзінде жартылай енгізілген. Қазір оны тек жақсартып, нақтылау үстіндеміз», - деді Зағипа Балиева.

Осы ретте ол еліміздің жоғары оқу орындары балалармен арнайы жұмыс істейтін тергеушілерді, прокурорларды, заңгерлер мен судьяларды дайындау ісіне ден қоятындығына үміт артатындығын атап өтті. «Өйткені, бала мен ересек адам - бұл мүлдем бөлек екі субъекті. Балаға барынша назар аудару және мол білім керек. Бүгінде Сот академиясында, Құқық қорғау органдары академиясында тұрақты курс енгізілуде. Ол бала құқығы жөніндегі құқық қорғау органдарының барлық қызметшілері үшін міндетті болады», - деді Қазақстанның Бала құқықтары жөніндегі уәкілі.

inform.kz

Жергілікті полицейлердің қырағылығы

Елімізде, оның ішінде өзіміздің Қостанай облысында қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу жөнінен қолға алынып жатқан шаралар жеткілікті. Бірақ соған қарамастан қоғам тыныштығын бұзатын адами ұғымға жат әрекеттердің орын алып жататындығын жасыра алмаймыз.

Бұл - өмір шындығы. Қылмысқақарсыкүресмәселелері қай кезде де назардан тыс қалдырылған емес. Облыстың аудандары мен қалаларындағы Жергілікті полиция қызметі негізінен қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелерімен айналысады. Дегенмен, жер-жерде жасалып жататын ауыр қылмыстардың бетін ашуда да жергілікті полицияның үлесі зор. Мұндай оқиғалардың дер кезінде анықталуы осы жергілікті полиция қызметінің араласуынсыз мүмкін емес. Сөзіміз дәлелді болу үшін соңғы кездерде жасалған бірқатар қылмыстық істерге тоқталып өтсек.

Мына бір оқиға былтырғы жылдың соңғы күндерінің бірінде Қарабалық ауданының Славянка ауылында болған еді. 45 жасар әйел Б. күйеуінен айрылысқаннан кейін отбасымен бірге өзінің немере інісі А.-ның үйінде тұрып жатты. Інісі ауылдағы мал союмен айналысатын қасапшылардың бірі болатын. Сол күні ол әкесімен бірге бір ауылдасының өтінішімен жылқы сойып берген болатын. Жұмыстарын тындырғасын олар дүкеннен бір шөлмек арақ сатып алып, сәттілік үшін ішіп алады. Кейін оларға үш шөлмекарағымен бір танысы келіп қосылады. Отырыстың нағыз қызған шағында оларға Б. да қосылады. Өлгі таныстары кеткеннен кейін

А. тағы екі шөлмек арақ сатып әкеледі. Соншама арақ ішілген соң, жайына қойсын ба, інісі мен апасы бірдемеге келіспей, керілдесіп қалады. Содан не керек, әп-әдемі отырыстың арты қан майданға айналған ғой...

Қылмыстық іс материалдары бойынша әсуі пышағымен апасына арқа тұсынан алты рет пышақ салған. Сарапшылардың қорытындысы бойынша сол кездің өзінде әйелдің жаны болған көрінеді. Ал басын кескеннен кейін, әрине, жаны шықпағанда қайтпеді... Осындай ауыр қылмыс жасағандығын сотқа дейінгі тергеуде мойнына алған А., кейін алдын ала тыңдау кезінде полицейлердің қыспаққа алуымен мойындаған едім, мен өлтірген жоқпын деп, сөзінен тайқыған... Әрине, істің ақ-қарасы анықталатыны анық.

Ал Әуликөл ауданында биылғы, 2018 жылдың алғашқы күнінде орын алған тағы бір қайғылы оқиғада 75 жасар зейнеткер Е. кісі қолынан қаза тапты. Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының материалдары бойынша, оқиға былай өрбіген: зейнеткер әжей жаңа жылды көршілерімен бірге - осы қылмысқа күдіктінің анасымен және әжесімен бірге қарсы алып жатқан болатын. Кейінірек оларға күдікті 28 жасар Қ. келіп қосылады. Ол әжейдің смартфонын сұрап алып, достарына құттықтау жіберіпті. Шамасы, сол кезде зейнеткер әжейдің Интернетке қосылған смартфон Қ.-ға ұнап қалған болуы керек, ол оны ұрлап алуға бекінеді. Отырыс тарап, жұрт терең ұйқыға кеткен кезде «қақнан» ішіңкіреп алған Қ. зейнеткердің үйіне келеді.

Жатын бөлме есігінің терезесін алып, ішке кіруге тырысып жатқан кезде, тырсыл-шудан әжей оянып кетеді. Сасып қалған Қ. көрші әжейді бірнеше рет басынан ұрады. Сосын өзіне қарай тартыңқырап алып, аузы-мұрнын қолымен басып қылғындыра бастайды... Істеген қылмысын жасырғысы келді ме, жігіт өзгенің төсек-орнын жағып, телефонын алып, тайып тұрған. Көршілері өрт сөндірушілерді шақырғанша үйдің жартысы жанып та кеткен.

Жергілікті полицейлер қылмыскерді анықтап, 5-6 күннен кейін қолға түсірді. Оған қарақшылық шабуыл, адам өлтіру және өзгенің мүлкін жою баптары бойынша айып тағылды...

Өткен сәуір айының аяғына таман облыс аумағында «Мал ұрлығы» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілген болатын. Облыстың Ішкі істер департаментінде өткен баспасөз мәслихатында осы іс-шараның қорытындысы жария етілді. Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері іс-шара барысында отыз мал ұрлығын әшкерелеген. Тұрғындарға келтірілген зиян 5 млн. теңге құрайды. Мал ұрлау жөнінен кезінде мектептің бір сыныбында оқыған 4 сыныптас жас жігіттің (1993 жылы туған) тобы «көш бастапты» Олар Әуликөл, Меңдіқара, Денисов, Федоров және Қостанай ауданы жерлерінде «кәсіпшілік жасап» 25 мал ұрлығын жасаған. Әдістері қарапайым: түнде сарайда тұрған малды ұрлап алып шығып өлді мекеннің сыртында сойған. Әжілдіктері сондай, бір бас малды союға бір сағаттай ғана уақыт жұмсапты. Сосын етті түнде Қостанайға әкеліп, етін алдын-ала уағдаласып қойған

дүкендерге қолма-қол ақшаға өткізіп отырған.

Ал мына бір оқиғаны да осы іс-шара барысында Амангелді ауданында полицияның учаскелік инспекторы ізін суытпай әшкереледі. Инспектор жолда жүріп келе жатқан автомобильді тоқтатып, қарай бастағанда, жүк салғышынан сойылған мал етін табады. Кейін анықталғанындай 53 жасар жергілікті тұрғын сырды жайлып жүрген жерінен ұстап, далада сойып алған ғой...

Рудныйлық полицейлердің зейнеткерлерді тонады деген күдікпен 27 жастағы жігітті ұстаған әжілдіктері де назар аударарлық.

Қылмыскер қарттарға шабуылдаған. Рудный қалалық ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Нұржан Ахметовтің айтуынша, қаскөй жәбірленушілердің зейнетақы алғанын біліп, банктен үйіне дейін аңдыған. «Оларды үйдің кіреберісінде аңдып отырып, тұтқиылдан шабуылдаған да, азық-түлік арқалаған сөмкелерін әмияндарымен қоса тартып алып кеткен. Осы дерек бойынша, бұрын қарақшылық жасағаны үшін сотталған 27 жастағы ер адам ұсталды. Ол айыбын мойындады», - деді Н. Ахметов. Қарақшының шабуылына ұшыраған әжейлердің бірі 77, екіншісі 82 жаста болған.

Міне, бұл жоғарыда айтылған оқиғалар «Ұлт жоспарының» 30-шы қадамында атап көрсетілген жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін жергілікті полиция қызметі полицейлерінің қырағылықтарын айғақтайтын мысалдар.

М. БАЙМЫРЗАҰЛЫ

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Ұлттық қауіпсіздіктің тірегі

Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен отырыста Сенат жан-жақты қарап, талқылай келе, «Қазақстан Қауіпсіздік кеңесі туралы» заң қабылдады.

Заң Қауіпсіздік кеңесінің құқықтық мәртебесін, құзыретін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды. Онда Қауіпсіздік кеңесінің ішкі саяси тұрақтылықты сақтау, конституциялық құрылысты, мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және халықаралық аренада Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында ел Президенті құратын және еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізуді үйлестіретін конституциялық орган болып табылатыны бекітіледі. ҚК құрамын Елбасы Қауіпсіздік кеңесінің төрағасымен келісе отырып, қалыптастырады.

ҚК-ның негізгі міндеттері – елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғаныс қабілетін нығайту, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жоспарлау, қарау және олардың іске асырылуын бағалау болады.

Сондай-ақ заңда Қауіпсіздік кеңесінің келесідей міндеттерін айқындау ұсынылды. Біріншіден, ол мемлекеттік органдар мен ұйымдар елдің ұлттық қауіпсіздігі мен халықаралық ұстанымдарын, мемлекеттің қорғаныс қабілетін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіреді. Екіншіден, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және шешімдерін іске асыру мақсатында құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді.

Үшіншіден, ел дамуының аса маңызды бағыттары бойынша мемлекеттің стратегиялық құжаттарының орындалу жай-күйіне мониторинг жүргізеді және бағалайды. Төртіншіден, мемлекеттік бағдарламаларды, заң жобаларын, маңызды сыртқы саяси және мемлекеттік мәні бар өзге де бастамаларды, сондай-ақ елдегі жағдайдың дамуын, әлемдік және өңірлік үрдістерді кешенді талдап, бағалайды. Ұлттық қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы қатерлерін болжайды, олардың алдын алу және бейтараптандыру ұсыныстарын әзірлеп, шараларды айқындайды. Бесіншіден, ел Үкіметінің ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы қызметінің нәтижелері мен негізгі бағыттары туралы жыл сайынғы баяндамасын тыңдайды. Алтыншыдан, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын тыңдайды. Жетіншіден, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздікті, қорғаныс қабілетін және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы заңдарының орындалуын, оның ішінде осы мақсаттарға жұмсалатын қаражаттың тиімді пайдаланылуын бақылауды ұйымдастырады. Сегізіншіден, орталық және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ ел Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшы лауазымдарына тағайындауға ұсынылатын кандидатураларды талқылайды. Тоғызыншыдан, Қазақстан заңнамасына сәйкес, өзге де функциялар беріледі.

Осы отырыстарында сенаторлар сондай-ақ «1992 жылғы 6 шілдедегі

ТМД Экономикалық сотының мәртебесі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы» хаттаманы ратификациялады. Палата бұдан бөлек «Кейбір заңнамалық актілерге зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда құптады. Құжат зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы одан ары жетілдіреді, зияткерлік меншік нысандарын тіркеу рәсімдерін оңайлатады, құқықтық олқылықтарды жояды.

Заң құқық иеленушіге тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығын бұзған өзге тұлғадан шеккен залалдардың орнына сот белгілеген көлемде өтемақы төлеуді талап ету құқығын береді. Уәкілетті органның авторлық құқықпен қорғалатын туындыларға құқықтарды тіркеу, өнеркәсіп меншігіндегі нысандарға қорғау құжаттарын тіркеу мен беру жөніндегі құзыреті енді сараптама ұйымына, яғни «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК-ға беріледі.

Жиын соңында сенаторлар депутаттық сауалдарын жария етті. Сенатор Б.Әйтимова орта мектеп мұғалімдерінің еңбекақысын көтеру және мектепте тамақпен қамтамасыз етудегі өзекті мәселелерді, Н.Қылышбаев «Қорғас» шекараманы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметіне қатысты, ал М.Бақтиярұлы өткен ғасырдағы халқымыз бастан кешкен қуғын-сүргін қасіреті мен ашаршылық құрбандарына ресми құқықтық, саяси баға беру және ашаршылықтың құрбаны болған отандастарымыздың мемлекеттік реестрін жасау мәселелерін көтерді.

«Айқын» апталығының электрондық нұсқасынан, 1 маусым 2018 ж.)

Астана – Отанымыздың жүрегі

Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің кеңес дәуірі кезінде Астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті Алматыға тұрақтаған еді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана Астанамыздың Қазақстанның қақ ортасынан орын алуына Елбасымыздың көргендігінің арқасында қол жеткізілді.

Себебі, Сарыарқа талайды көрді, талайға төзді. Бағзы бабаларымыздың ақ найзаларын аспанға атқан айбарлы жеңістерінің куәгері болды. Сол Сарыарқаның сайындаласында бой көтерген әсем қала Астананы көруге әркімнің де асыққаны белгілі еді. Мен де теледидар мен суреттерден ғана тамашалап жүрген бас қаламызды көзбен көруге, сұллулығына тамсануға асықтым. Алып-ұшып Астанаға жеткен соң сол күні-ақ елордамыздың әдемі көшелерін армансыз аралап, құдды бір шетелге келгендей әсерде болғаным жасырын емес.

Тек кинодан көретін биікке бойтартқан зәулім ғимараттар, бизнес орталықтары, сауда үйлері, ағылған көлік пен жұмысына асыққан адамдар – бәрі-бәрі мен үшін қызық болды. Ал Астананың символына айналған 97 метрлік алып Бәйтеректің ұшар басындағы алтын түсті шардың ішінен қаланың әсем келбетін тамашалау кеуденді

қуанышқа толтырып, ерекше әсер беретіні сөзсіз. Қаланы қақ жарып ағып жатқан Есіл өзенінің үстінде соққан салқын самалға кеуденді тосып оң жағалаудан сол жағалауға қайықпен серуендеу де Астананың көріне көрік қосып, онан сайын өзіне ғашық ете түседі.

Астанаға алғаш келгендегі әсерім ерекше болғаны соншалық, кейін елордаға жиі келіп тұратын болдым. Әр келген сайын бас қаламыздың өзін бұрын көрмеген тарихи, ғылыми, мәдени ошақтарын аралауды дәстүрге айналдырдым. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі мен ҚР Ұлттық музейін аралау маған ерекше әсер қалдырып, көкірек көзімді қажетті ақпармен толтыруға себеп болды. Тұңғыш Президент музейінің ғимараты Астана алғаш бой көтерген жылдары Ақорданың қызметін атқарып, Елбасымыздың шет елдік қонақтарды қабылдап, келелі келіссөздер өткізетін орны болған. Елбасының балалық шағынан бастап осы уақытқа дейінгі өмірін бейнелейтін фотосуреттерді, оның жұмыс үстелін, қонақтармен әңгіме-дүкен құрғанда демалатын орнын тамашалап, тамсануға толық мүмкіндік жасалған. Маған үлкен әсер қалдырған ол – шетел Президенттерінің біздің Елбасымызға сыйға тартқан сағаттар толы залы. Түрі, түсі, пішіні, құрылымы бір-біріне ұқсамайтын сағаттардың ерекшелігін

сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Ал сол жағалауда орналасқан ҚР Ұлттық музейі тіпті кірсең шыққысыз. Алты қабаттан тұратын музейдегі біздің заманымызға дейінгі ғасырлардан бастап қазіргі тәуелсіз Қазақстанның арғы-бергі тарихын көріп-білуге тек қазақстандықтар ғана емес, шетелдік туристер де көп келеді екен.

Өткен жылы елімізде өткен «Экспо – 2017» халықаралық көрмесі туралы естімеген, оны барып көрмеген адам жоқ шығар, сірә?! Өлемнің түкпір-түкпірінен 100-ден астам ел қатысқан көрмені тамашалауға мен де асықтым. Кассадағы ұзын-сонар кезектен өткен соң, Экспоға «саяхатимды» Қазақстанның көрмесінен бастадым. 8 қабаттан тұратын алып шардың ішінде адамның таным көкжиегін арттыратын дүниелер өте көп болды. Одан шыққан соң рет-ретімен өзге елдердің павильондарын аралап, әрбір елдің тарихымен, мәдениетімен, қолөнерімен, ғылыми жетістіктерімен таныстым. ЭКСПО көрмесі өткізілген 4 ай уақыттың ішінде қаншама адам жұмыспен қамтылып, мыңдаған қонақтарға қызмет көрсетілді. Қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін еліміздің барлық өңірлерінен тәртіп сақшылары жұмылдырылды. Біздің Қостанай облысынан 26 полиция қызметкері 4 ай бойы Астанадағы қоғамдық тәртіпті күзетуде қалтқысыз



қызмет етті.

Астана – өскелең қала, жастардың қаласы. Еліміздің түкпір-түкпірінен арман қуып бас қалаға келген жаңашыл жастар өмірден өз орындарын тауып, әр салада еңбек етіп жүр. Түрлі тағдырлар мен армандар да осы Есілдің бойында тоғысып, жас отбасылар шаңырақ құрып, болашақ ұрпақ есіп келеді.

Қазіргі таңда Астанамыз әлемдік, іскерлік байланыстың күре тамырына, мәдениет, өнер, спорт, ғылым мен білімнің қарқынды дамып келе жатқан ордасына айналып отыр.

Тарихи атауы Ақмола болған шағын қала орналасқан сайын далада 1998 жылы бой көтерген Астанамыз міне, арада жиырма жыл өткенде алты құрлықтың назарын өзіне аударып жайнап тұр.

Арайлым ИСМАГУЛОВА, Қостанай облысы ІІД КЖБ бас маманы

Мәдениет университеті аясында өткен іс-шаралар



Рухы әлсіз, ұстанымы бұлыңғыр ұрпақ ескексіз қайық сияқты, қай жағалауға барып соғылары беймәлім. Сол себепті оған дем беріп, жағалауды көрсетер тәлімгер екенін ұмытпайық.

Біздің Академиямызда мәдениет университеті ашылған күнінен бастап, әр түрлі мәдени іс-шараларға көңіл бөлуде. Бұл мәдени іс-шаралар әдеби кітаптарды оқудан бастап, өнер саласына дейін жалғасып жатыр. Өнер демекші, өнердің басты өзегі ол – театр. Театр – тірі тарих. Театр – нағыз тәлім-тәрбие мен тағылымның ортасы. Киелі өнердің ордасына бас сұққан жастарымыз мәдениетті де үйреніп, өмірді де көреді. Ақ пен қараның, арпалысып жатқан заманның ащы шындығын біліп, ара жігін ажырата алады. Сол себепті курсанттарымызды театр қойылымдарына қызығушылығын арттыру біздің бірден-бір парызымыз. Міне, осы бір өнер түрін дамыту мақсатында және де «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай, мәдениет университеті аясында «Педагогика және психология» кафедрасының ұйымдастыруымен алғаш рет Академия төрінде КОФ курсанттарының қатысуымен Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағына арналған «Тарихи тұлға» атты сахналық қойылым өтіп, сонымен қатар курсанттарды Қостанай қаласындағы Илияс Омаров атындағы қазақ драма театрына «Бір түп алма ағашы» психологиялық драмасын тамашалауға алып бардық.

Академияда өткен қойылым Елбасының балалық сәтінен бастап, 17 жастағы бозбала шағына дейінгі өмірінен сыр шертеді. Осылайша сахналық қойылым арқылы қарапайым отбасында тәрбиеленген Елбасының сәби кезінен бастап-ақ алғыр, дарынды, достарының арасында қамқор бола білген қасиеттеріне куә болдық. Ал психологиялық драма тақырыбының негізгі өзегі – мейірімділік. Әсіресе, бүгінде әрқайсысының санасын тұрмыс билеп, өз отбасын құрып үлгерген көп балалы отбасыдан тараған бауырлардың бір-біріне, қоғамға деген мейірімсіздігі. Психологиялық драманы көре отырып, әрбір көрерменнің туған ел ғана емес, туған шаңырақ пен ата-ана алдындағы перзенттік парызы санаға беріліп, жүректен шыға келеді. Басты кейіпкер ана мен оның мүгедек баласы, қаладан келген үлкен ұл, тұрмыстығы қыздар мен күйеу балалар - сан түрлі мінез-құлықтың иелері. Көрерменге көп ой салып, жанарына жас үйірлетін осындай шығарма жан дүниенің таза болуына үндейді.

Міне, осылайша Академиямыздың мәдениет университеті аясында болған іс-шараларымыз жемісті өтіп және осы мәдени бағытта «Абай және Мұқағали оқулары» өткізіледі. Рухани құндылықтарымыз: театр, кітап, әдеби әлем дүниелерін мұқият оқу, адами таным мен тәжірибеде мықтап ескеру – адамзаттың асыл парызы деп ойлаймыз!

Н. ТҰРСЫМБАЕВА, ҚР ІІМ Академиясы Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы полиция аға лейтенанты

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru